



Бекітемін:

ҚР ҒЖБМ ҒК «Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» РМК ШЖҚ

Бас директоры

*Масимханулы Д.* Масимханулы Д.

«01» маусым 2023 ж.

## **ҚР ҒЖБМ ҒК ШЖҚ «Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ» РМК СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ**

### **1. Жалпы қағидалар**

2. Осы ҚР ҒЖБМ ҒК ШЖҚ «Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» РМК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (әрі қарай сәйкес – Саясат және Институт) Қазақстан Республикасының әрекеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы және Институттың ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді. Саясат сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастырудың негізгі принциптерін, әдіс-тәсілдері мен талаптарын, сыбайлас жемқорлықтың алдын алатын басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін және онымен күресуді регламенттейтін Институттың ішкі құжаты болып табылады.

3. Осы Саясат мыналарды белгілейді:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттерді;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптерін;
- 3) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар мен оны орындау бойынша міндеттемелерді;
- 4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар кешенін;
- 5) Осы Саясатты сақтаудағы жауапкершілікті.

4. Осы Саясаттың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға түрткі болатын себептер мен жағдайларды айқындау, зерделеу, шектеу және жою шараларының жүйесін әзірлеп, енгізу, Институт қызметкерлері мінез-құлқының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен оның жоғары стандарттарын қалыптастыру болып табылады.

### **1. Қолдану саласы**

5. Бұл Саясат танысу, орындау және мүлтіксіз сақтауға міндетті болып табылады.

6. Осы Саясат Институттың <https://www.shygystanu.kz> веб-сайтында жайғастырылуы тиіс.

### **2. Терминдер және анықтамалар**

7. Осы Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы** – Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілер;

2) **мүдделер қайшылығы** – қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық міндеттері арасындағы қайшылық, бұл ретте, аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауына әкеліп соғуы мүмкін;

3) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар** – сыбайлас жемқорлық белгілері бар, құқыққа қарсы жазықты әрекет (қимыл немесе әрекетсіздік), ол үшін заң әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік белгіленген;

4) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға мүмкіндік туғызатын себептер мен жағдайлардың пайда болу ықтималдығы;

5) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – Институттың өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға және олардың салдарын жоюға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі қызметі;

6) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және ендіру жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жағдай жасайтын себептер мен жағдайларды зерделеу, айқындау, шектеу және оларды жою қызметі;

### **3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттер**

8. Институттағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты лауазымды және оларға теңестірілген тұлғалардың сыбайлас жемқорлық әрекетіне тартылу тәуекелін барынша азайту.

9. Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін, осы Саясат төмендегі міндеттерді шешуді көздейді:

1) кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті ұғынуды қалыптастыру;

2) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларының қолданыла алатын негізгі талаптарын жинақтау және түсіндіру;

3) Институттың лауазымды және оларға теңестірілген тұлғалардың міндеттерін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларын, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау бойынша барабар процедураларын жүзеге асыруды белгілеу;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оны болдырмауға,

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайту және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеу және ендіру.

#### **4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптері**

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптері болып табылатындар:

1) **сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік** – өз қызметін жүзеге асыру барысында Институт сыбайлас жемқорлықтың кез келген формалары мен көріністерін толық қабылдамау принципін ұстанады.

3

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидаты Институт атынан әрекет ететін Институттың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) **жазаның қолданылмай қалмайтындығы** – Институт өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, атқаратын қызметі, жұмыс өтілі және басқа да жағдайларға қарамастан, қызметкерлерді жазаның қолданылмай қалмайтындығы туралы мәлімдейді;

3) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы процедуралардың тиімділігі** – Институт процедураларды мүмкіндігінше ашық, түсінікті, орындалатын етіп жасауға тырысады, бұл оларды жүзеге асырудың қарапайымдылығын және маңызды нәтиже алуды қамтамасыз етеді;

4) **әрекеттестік және үйлестіру** — Институт сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында мемлекеттік органдармен әрекеттестік пен ынтымақтастықты, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылды үйлестіруді қамсыздандырады.

#### **5. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау бойынша міндеттемелер**

11. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмысы/құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілік қарастырылғандары (бірақ, тізбектелгендермен шектелмейді) төмендегілер:

1) лауазымды және оларға теңестірілген адамға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе ысырап ету, егер бұл әрекеттер оның өзінің қызметтік жағдайын пайдалануымен түйіндес болса;

2) қылмыстық жолмен алынған, өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып жасалған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыру (жылыстату);

- 3) лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;
- 4) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;
- 5) пара алу, пара беру, паракорлықтағы делдалдық;
- 6) қызметтік қасақылық;
- 7) қызметтегі әрекетсіздік;
- 8) билігін теріс пайдалану, билігін асыру немесе әрекетсіздік;
- 9) немқұрайлылық;
- 10) жеке және заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы ұсынуы;

11) лауазымды және оларға теңестірілген тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы алу;

12) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау.

12. Институт, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалардың нормаларын, сондай-ақ, осы Саясаттың принциптері мен талаптарын сақтауы міндет. Осы Саясатты іске асыруда Институт лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға тыйым салынатындығына сүйенеді, атап айтқанда:

1) Пара беруді ұсыну, уәде беру немесе жүзеге асыру, басқаша айтқанда, кез-келген адамды өзінің лауазымдық міндеттерін тиісті дәрежеде орындамау ниетімен кез-келген қаржылық немесе басқа пайда/артықшылық беру немесе уәде беру;

2) Пара талап ету, алуға немесе қабылдауға көну, басқаша айтқанда, өзінің қызметтік міндеттерін тиісті түрде орындамауы үшін кез келген қаржылай немесе өзге пайда/артықшылық алу немесе келісу;

3) қолданыстағы заңнамада көзделгендерді қоспағанда, төлемдерді ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, мемлекеттік қызметтерді орындауға өкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ, белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін оларға теңестірілген адамдарға сыйлықтар ұсынуға;

4) төлемдер белгіленген процедураларды жеделдету немесе оңайлату үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдер ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға;

5) жеке басының пайдасы үшін Институтқа (оның ішінде, уақытша негізде) жұмысқа орналасуды ұсынуға, уәде беруге немесе ұсынуға;

6) үшінші тұлғалардан қымбаттатылған немесе жалған төлемдерді қабылдауға немесе қабылдауға жәрдемдесу;

7) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы және Институттың ішкі құжаттарының талаптарына қайшы келетін сый немесе қонақжайлылық белгілерін тарту немесе алу.

13. Лауазымды және оларға теңестірілген тұлғалар өздерінің кәсіптік қызметінде мінез-құлықтың төмендегі нормаларын қатаң сақтауы қажет:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалары мен осы Саясаттың талаптарын орындауы;

2) іскерлік қатынастарда адал және иманды болуы, лауазымдық міндеттерін жүргізудің кез келген жосықсыз тәсілдерінен аулақ болуы;

3) Институттың беделін түсіретін әрекет жасауға жол бермеуі;

4) жеке басының мақсатында қызметтік жағдайы мен құпия ақпаратты, Институттың материалдық және материалдық емес активтерін пайдаланбауы;

5) заңсыз әрекеттерге не олардың заңдылығы мен әдептілігіне қатысты күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеуге;

6) әріптестерінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті ұстануын қолдау және талап ету;

7) кәсіпкерлік қызметті және (немесе) табыс алуға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыру барысында біреуге жәрдем көрсетуден қалыс қалуға;

8) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеуге және мұндай әрекеттерге ынталандырмауға;

9) мүдделер қайшылығы бар болған жағдайда қызметтік міндеттерін жүзеге асырмауға.

Өз әрекеттері немесе кез келген мінез-құлықтың басқа нормаларының дұрыстығына қатысты күдік пайда болған жағдайда, лауазымды және оларға теңестірілген тұлғалар Институттың жоғары тұрған басшылығына жүгіне алады.

## **6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар кешені**

14. Институт қызметінің кейбір салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелі пайда болуы мүмкін. Ондай салаларға жататындар, бірақ, тізбектелгендермен шектелмейтіндер:

1) сыйлықтар және өкілдіктік шығыстар;

2) қызметкерлерді басқару.

### **7. Сыйлықтар және өкілдіктік шығыстар**

Институт іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық шығыстарына қатысты адалдық пен ашықтық ахуалын көтермелейді.

15. Үшінші тұлғалармен сыйлық алмасу келесі критерийлерге жауап беруі қажет:

1) Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасының нормаларына толық сәйкес болуы;

2) ақылға қонымдылыққа негізделген, мөлшерлес болатын, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз ақшалай қаражат, бағалы қағаздар, бағалы металдар болмайтын және ақшалай қаражаттың өзге де түрлері немесе баламалары болмайтын, сондай-ақ, сән-салтанат нысанасы болмауы;

3) қызмет, іс-әрекет, әрекетсіздік, жол бермеу, қамқоршылық, құқықтар беру, белгілі бір шешім қабылдау және т.б. үшін жасырын сыйақы немесе өзге де заңсыз немесе этикаға жат мақсатпен алушыға ықпал жасау әрекеті болмайтын;

4) Институт, оның лауазымды тұлғалары және қызметкерлерінің іскерлік беделінен айрылуға әкеліп соғатын қатерге ұрынбау.

16. Институт жүзеге асыратын сатып алулардың кез келген ықтимал қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлық немесе іс-шараның осы Саясат талабына сәйкестігіне күмәнданған жағдайда, лауазымды тұлға немесе қызметкер Институттың комплаенс-офицерімен ақылдасқаны жөн.

### **8. Мүдделер қайшылығының алдын алу және оны шешу**

17. Мүдделер қайшылығын басқару – сыбайлас жемқорлыққа қарсы аса маңызды механизмдердің бірі. Институт мүдделер қайшылығына байланысты тәуекелдерді болдырмауға және оларды реттеуге көп назар аударады.

18. Институттың лауазымды және оларға теңестірілген тұлғалары өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде, олардың жеке мүдделері Институт мүдделеріне қайшы келетіндей жағдайларға жоламай, кәсіпорынның мүдделерін басшылыққа алуы міндет. Мүдделер қайшылығы пайда болған (немесе оның пайда болу ықтималдығы) жағдайда, лауазымды және оларға теңестірілген тұлғалар осы ақпаратты тікелей басшысы, болмаса, жоғары тұрған Институт басшылығына жазбаша түрде жеткізуі міндетті.

### **9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау**

19. Институт сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне баға береді, сонымен қатар, ішкі құжаттарға сәйкес оларды барынша азайту бойынша шараларын жасайды.

20. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру мен бағалаудың мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшыраған және жеке пайда алу мақсатында да, кәсіпорынның пайдасын алу мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғары кәсіпорынның қызмет түрлері мен бизнес-процестерін анықтау.

21. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру мен бағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау негізінде жасалады.

### **10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру**

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар – Институт басшылығы бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған, Институт қызметі үшін белгіленген ұсынымдар жүйесі.

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері болып табылатындар:

1) Институтта жұмыс істейтін тұлғаларда сыбайлас жемқорлыққа

қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлықтың білінуін дер кезінде айқындау және олардың жағымсыз салдарын болдырмау;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру.

24. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа төзімсіздікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтап, нығайтатын Институт қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру әрбір қызметкердің борышы және түсіндіру жұмыстарын жүргізу мен Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де шаралар өткізу жолымен жүзеге асырылады.

25. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – адамның адамгершілік, зияткерлік, мәдени дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі.

### **11. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабар беру**

26. Егер, Институтта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың бар екендігі туралы қандай да бір растама болса, ол туралы кідірмей, Институттың комплаенс-офицеріне хабарлау қажет.

### **12. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қызметтік тексерулер**

27. Институттағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жөніндегі барлық хабарлар бойынша қисынды мерзім ішінде кадрлармен жұмыс басқармасы тексеріс, болмаса, қызметтік тексеру жүргізеді.

28. Егер, қызметтік тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық факті анықталған жағдайда, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидатын негізге ала отырып, еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті өкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейінгі түзету шараларын қабылдағанда, тексеру аяқталды деп есептеледі.

### **13. Өзара ынтымақтастық**

29. Институт өкілетті мемлекеттік органдар және ұйымдармен, сондай-ақ, үшінші тұлғалармен өзара түсіністік қағидасына негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында төмендегі мақсаттарда бірге қызмет жасайды:

1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасалған жағдайлар туралы құлақтандыру;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелеріне байланысты өкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сұратулары бойынша түсінік беру/мәжілістерге (кездесулерге) қатысу.

#### **14. Жауапкершілік**

30. Институттың лауазымдық және оған теңестірілген тұлғалары сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасы заңнамаларында белгіленген жауапкершілік көтереді.

31. Осы Саясат талаптарының орындалуына лауазымды тұлғалар өз құзыреті шеңберінде жауапкершілік көтереді.



Институттың Сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы іс-қимыл саясатына  
№ 1 қосымша

### **Растама**

*Сәйкес ұяшықты белгілеңізі*

Мен ҚР ҒЖБМ ҒК Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын зерделеп, түсінгенімді растаймын.

Мен ҚР ҒЖБМ ҒК Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты белгілеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен шектеулерді қатаң сақтауға, сонымен қатар, оның талаптарын ұстануға міндеттенемін.

Мен еңбек және/немесе қызметтік міндеттерімді орындау мерзімінде, жылына бір рет ҚР ҒЖБМ ҒК Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты белгілеген талаптарды зерделедім, түсіндім және оларды ұстануды растаймын.

Мен ҚР ҒЖБМ ҒК Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзған жағдайда, мен тәртіптік, азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуым, оның ішінде, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте, қызметтен босатылуым мүмкін екендігі туралы ескертілдім.

Мен мүдделер қайшылығының туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау және оны болдырмау шараларын қабылдауға және мүдделер қайшылығын реттеу мақсатында туындаған мүдделер қайшылығы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы белгілі болған кезде Жұмыс берушіге дереу хабарлауға міндеттенемін.

*Осы жерге қол қойыңызшы*

**Аты-жөні** \_\_\_\_\_

**Қолы** \_\_\_\_\_

**Күні** \_\_\_\_\_